

БЕКІТЕМІН: *Салтанат*
Мектеп меншерушісі Шалабаева Ж.С

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі: Мұлы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ортанды

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың күрылу кезеңі: 15.01 - 19.01.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жаксы коніл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызыгуышылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кенес, әнгімелесу	Ата-аналарды мазалап жүрген ^{Си Сұрақтары} сұрақтарына жауап беру; балалардың балабакшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және баскалар)	<p>"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Үйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.</p> <p>"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер: үй</p>	<p>"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Үстел үстіне іс-әрекетіне керекті құралдарды, түрлі түсті карындашты және педагогтың дайындаған материалдарын тарату; іс-әрекеттің сондай жағдайларды жинап алу.</p> <p>"Ұксайды - ұксамайды" заттармен ойналатын ойын.</p>	<p>"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Серуеннен кейін етікті кір мен кардан калай тазарту керектігін көрсету.</p> <p>"Қонақ кай елден?" заттармен ойналатын ойын.</p>	<p>"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне төсек жабдықтарын орналастыруға көмектесуге кезекшілер тағайындау.</p> <p>"Қалага саяхат" үстел үсті ойыны. Максат-міндеттер.</p>	<p>"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Тәрбиешінің көмекшісіне лас сұлгілерді жинастыруға көмектесуге ынталандыру.</p> <p>"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Максат-міндеттер. Дидактикалық міндеті:</p>

	<p>жануарларының дене мүшелерін атауга, ажыратуга үйрету. (сөйлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу)</p>	<p>Максат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алғып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p>	<p>Дидактикалық міндеті: балалардың баска ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуғе деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; куыршакқа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол женеді. Ойын әрекеттері: куыршакты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. (сөйлеуді дамыту, казақ тілі, көркем әдебиет)</p>	<p>міндеті: балалардың туган каласы туралы білімдерін бекіту; онда кімдер тұрады, енбек етеді, кандай транспорт түрлері бар, кала қалай безендірілген. Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, енбек, каланы безендіру. Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету. (сөйлеуді дамыту, коршаган ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).</p> <ol style="list-style-type: none"> Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол төменде. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол төменде. 			

- 2.1. Онга бұрылып, колдарын созып, орамалды умаждал ““жуамыз”” деген сөзді айтады.
- 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа кайталаңады және 4 рет кайталаңады).
3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алушак, орамал тізе үстіде.
- 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ““үйкітайык”” деген сөзді айтады.
- 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталаңады).
4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол томенде.
- 4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.
- 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталаңады).

(дene шынықтыру)

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларга эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.	Балаларга эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.	Балаларга эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достықка тәрбиелеу.
---	---	---	---	---

Мектепке дейінгі үйім кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру “Маубас аю”. Максат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сактап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін	Дене шынықтыру “Аю үйіктаганды жақсы көреді”. Максат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сактап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін	Музыка “Аю мен тұлқі”. Максат-міндеттер. Балаларды жабайы андар туралы әнді кызыгуышылықпен тындаі отырып, әннің сипатын ажыратса болу	Дене шынықтыру “Жануарлар қалай кыстайды?” Максат-міндеттер. Балаларда допты алыска лактыруды бастапқы тұрган калыпты қабылдау және бөрененің	Қазақ тілі «Қыс бізben кар атысып ойнайды». Қыс жыл мезгілі Мақсат-міндеттер. Кар туралы шагын өлең жолдарын кайталарап оку, сөздерді аныктап айтуды үйрету; жақсы көніл күйлерін білдіруді үйрету.
--	--	---	--	---	---

	калыптастыру; донты алыска лактыруды бастапкы түрү калының қабылдауға үйрету.	жұғіру қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі бағыттарда жұғіру дагдыларын дамыту; доданың астымен ормелеуге үйрету; ормелеу кезінде епті, жылдам болуга тәрбиелеу.	қабілеттің дамыту; әндегі төмөн және жогары дыбыстарды ажыратада білу қабілеттің жетілдіру; әнді айтуда ыргакты сезіне білу қабілеттің дамыту; музыка әуенімен бірге би кимылдары мен андар кимылдарын дербес орындауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен жатық ойнау қабілеттің дамыту.	үстімен төз адымдал жүру техникаларын бекіту; оку кызметін пысықтау.	Қазақ тілін түсінуді, «қыс» сезімен қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сәйкесінше, смы есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сойлеуін, есту арқылы қыскы табигатқа туралы аппаратты қабылдауын дамыту. «Қыс» тақырыбы бойынша сойлесуді есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілеттің, жағымды эмоцияларын көрсете білту қабілеттің дамыту. Байқағыштық касиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркем сезге құштарлығын дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әнгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дагдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (коршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларга қыс мезгіліне тән табиги құбылыс қарды	Қоян ойыншығын бақылау (ак қоян). (коршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың көнілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны	Күнді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың күннің аспанда орналасуын және жарқыраганын байқап, қолдарды	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру;	Апандагы аюдың суретін қарау. (коршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға аюдың қыскы тіршілігі жөнінде жалпы

<p>бақылауга деген қызығушылығын ояту; кардың қайда жатқанына көніл аударып, айтуға ынталандыру.</p> <p>- Балалар, бәрекелді!</p> <p>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?</p> <p>- Иә, бұл қар.</p> <p>- Қар қайда жатыр?</p> <p>- Айналаның бәрі аппак.</p> <p>- Аулаға қыс келді, Қыс келді, Қыс келді. Қар шатырга түседі, Қар ағашқа түседі, Қар жерге таман, төмен, Бұлттан баяу түседі. Қарлар - женіл нүктелер, Көрінбейді бұлт пен жер.</p> <p>Түсіп жатыр, Түсіп жатыр, Аппак көрпе жауып жатыр.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды карды</p>	<p>ак, ұзын құлагы, кимылдары туралы ұғымдарды қабылдауга ынтылындыру, жасалған жаттығудан жагымды әсер ала білу қабілетін</p> <p>калыптастыру. Педагог ак коян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.</p> <p>- Балалар, біздің қонығымызды тәніздіңдар ма? Бұл не?</p> <p>- Жарайсындар, бұл коян.</p> <p>- Коянның терісің сұр ма?</p> <p>- Коянның терісің ак.</p> <p>- Жарайсындар.</p> <p>- Коянның қандай дене бөлшектері бар?</p> <p>- Иә, ұзын құлактары бар.</p> <p>- Коян құлықтарымен қалай қимылдайды?</p> <p>- Барлығымызды көрсетейікші.</p> <p>Жарайсындар!</p> <p>- Қараңдаршы, ак коян жылы ак тонын киіп</p>	<p>жогары созып, жагымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру. Педагог балаларға кимылдарды көрсетіп жатады, балалар сонынан қайталайды.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық, Колдарды, кел, созайық. Колдарымыз - шуақтар, Жайылады жан- жакка.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды участкедегі жемшашарларды жемге толтыруға шакыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға камкорлық жасауға баулу; карапайым енбек әрекеттерін жасауға</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға камкорлық жасауға баулу; карапайым енбек әрекеттерін жасауға</p>	<p>құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіл тұрысындар ма? Бұл шығып жатқан қандай дыбыстар? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.</p> <p>- Иә, бұл құстардың шиқылдаған дыбыстары.</p> <p>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.</p> <p>Жарайсындар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі жемшашарларды жемге толтыруға шакыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға камкорлық жасауға баулу; карапайым енбек әрекеттерін жасауға</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға камкорлық жасауға баулу; карапайым енбек әрекеттерін жасауға</p>	<p>ұғымдар беру; аюдың орманда көрінбейтінін, апанда үйкіда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сактау кабілеттерін дамыту.</p> <p>Аю апанына жатты, Аюдың үйкісін катты (үйкітаган аю).</p> <p>- Аю, аю, қайдасын?</p> <p>- Неге ақырмайсын?</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>- Балалар, аю неге ақырмайды?</p> <p>- Иә, аю аpanда үйкітап жатыр.</p> <p>- Аю калай үйкітайдынын көрсетейікші.</p> <p>- Жарайсындар.</p> <p>- Аюдың үйкісін катты, біз ойынды ойнап көрейік.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы кардан тазалауға шакыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің</p>
---	--	---	---	---

<p>Күректермен күрел, жүргө арналған жолдарды жасауга шакыру.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, карапайым енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>алды.</p> <p>- Коян қайда мекендейді?</p> <p>- Иә, коян орманда мекендейді. Сендерді бірге ойнауга шакырады.</p> <p>- Коян корқак, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Каскырға көрінбей, Ақ карда жатыр, Тыныш қана, үндемей.</p> <p>Енбекке баулу</p>	<p>жагымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Карлы жолдарды басайык" кимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың сапта тұзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу кабілеттерін жетілдіру, тепе-тендікті сақтау кабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p>	<p>"Құстар" кимылды ойны. (дene шынықтыру, сойлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей, жан-жаққа жүгіруді үрнету,</p> <p>жылдамдыққа, үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды, "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойындар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың үшқанына еліктеу</p>	<p>улгісіне еріп, карапайым енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру;</p> <p>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Қонырауым қайда?" кимылды ойны. (дene шынықтыру, сойлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.</p> <p>- Конырауым қайда? Сынғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады,</p> <p>Конырауды қолға алады.</p>
<p>"Қолғап" кимылды жаттығуы. (дene шынықтыру, сойлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер. Балаларды педагогтің сонынан көркем сөз жолдарының ыргағына, мазмұнына сай кимылдарды жасап, жағымды көніл-күйге бөленинде үрнету; бүкіл дene бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау кабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, ал қазір</p>	<p>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауга шакыру.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды карапайым енбек әрекеттерін жасауга машықтандыру;</p> <p>тазалықка, енбексүйіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Бері шығағой, қоян!" кимылды ойны. (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер.</p>	<p>орындарды, "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойындар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың үшқанына еліктеу</p> <p>кимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айттып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға аланға шоқайып отыруды ұсынады:</p> <p>Жүгір, жүгір, балақай!</p>	<p>Топ-топ етіп басайык, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп!</p> <p>Біз жүрреміз топ бол.</p> <p>Ал енді біз жүгірейк, Саптан қалмай, үлгерейік.</p>	<p>Балалар жасырынған конырауды тауып алып, қолға алып сынғырлайды.</p> <p>Педагог келесі ретте коныраудың орнын ауыстырып жасырады.</p>

<p>қолғаптарымызбен әдемі жаттыгулар жасап, ойнап көрейік.</p> <p>- Қане, қолғапты киеміз, (алакандарды өзара укалау)</p> <p>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау)</p> <p>Екінші жұл колғапты, (екінші қолымен бірінші қолды сипау)</p> <p>Киіп алсақ – жарап тұр. (алакандарымен ары-бері бұрандау)</p> <p>Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалактап, секіреміз. Оп-оп! Шапалак! Секір, секір! Шапалак! Жаттығу бірнеше рет қайталанады.</p>	<p>бойымен жүріп, барлығы бірге топтастып "Бері шыға гой, коян!" сөздерін айтып, көрсетілген кимылдарга еліктеу кабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Педагог балалардың бірін "Коян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.</p> <p>Шақырылған коян ортага шығып, кимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.</p> <p>- Бері шыға гой, коян! Ақ құлактармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Ак құлактармен ойна! "Шенберден шықпа" жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге тұрып, шенбердің бойымен қимылдауга баулу; кеністікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Салтан қалма, балакай!</p> <p>Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік.</p> <p>Тыныс алып болайық, Қадам басып, токтайық ...</p> <p>D. Ахметова "Әткеншек" кимылды ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды шенберге тұрып, такпак сөздеріне сай кимылдай білу кабілетін калыптастыру.</p> <p>Bір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ая, әткеншек, Айнала бер бізбенен.</p>	<p>келіндер, Жемді шоқып, теріндер.</p> <p>Жемді шоқып, тойсандар, Эн салып беріндер.</p> <p>D. Ахметова Балалар бірақ отырып, демалып болғаннан кейін, педагог қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.</p> <p>"Шенберге дәлде" ойын жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (карды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік кабілеттерін дамыту.</p>	<p>"Көпірдеи өт" кимылды жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орынан ұзындықка екі аяклен алға секіре біту кабілетін калыптастыру; тепе- тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
---	--	---	---	--

Серуенен ораду	Оз шкафын белгі бойынша тауып алуды, оз киімін озі шешуді, оз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (малени-гигиеналық дәғдыштар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ак коянды жасырайык". Максат-міндеттер. Балалардың сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету; қағаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрган тіке сзықты жасыл борша арқылы шырша бейнесіне айналдыруға, жанына қылқалам арқылы ақ коян бейнесін салуға үйрету.	Саусақ жаттығу. "Коян". Коян омір сүріпті (алакандарын соғады). Ұзын құлак (құлактар - жұдышрықтан балаң үйрек (сұқ саусақ) және ортан терек саусақтарын жогары көтереді және төмен түсіреді; шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті бас бармакпен басып тұрады). Коян тонып қалды (алакандарын бір-біріне үйкелейді). Мұрны тонып қалды (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады). Құйрығы тонып қалды (құйымшақты сипайды). Жылынуға кетті (алакандарын бір-біріне үйкелейді). Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады).	Сойлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Конжық неге ақырады?" ертегісін әнгімелуе. Максат-міндеттер. Балаларды "Конжық неге ақырады?" ертегісімен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аудын, конжықтың қыстағы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде маглұмат беру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Орман тұрғындарының іздері". Максат-міндеттер. Балалардың екі карама-карсы заттардың ені бойынша тұстастырып, салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзben жеткізуге үйрету; он жақ пен сол жакты ажырату қабілетін дамыту, саны айрықша геометриялық пішіндерден биіктігі екі түрлі қарапайым бейнелерді құрастыруда жаттықтыру; есте сактау, ақыл-ой мен қабылдау қабілеттерін дамыту.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Коян мен Тұлкі көріп". Максат-міндеттер. Балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылымынан материалдары арқылы екі қолемде какпалар жасауға үйрету; білеулерді тік қойып, арасын арқамен жауып, үстінен призманы қойып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыштың тұрақтылығы жөнінде үғымдарды жетілдіру.

		<p>Сол жақта жылты (алакандарын согады). (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p>	<p>кызыгушылық бастамаларын арттыру; көзben кабылдау, фонематикалық естү кабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту.</p>	<p>тавысадан ойни- жаттығу "Үйкідагы аю". Максат-міндеттер. Балалардың жабайы жануар аюдымы тіршілігі туралы білімдерін калыптастыру; жабайы жануардың кыс мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік естү ортасы, мекені, азығы, кыска дайындығы) кенейту.</p>	
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызу. Аппак, аппак, бәрі аппак, Ақ кар аппак, бәрі аппак. Ақ бұлт, қырау, макта аппак Ақ сүт, айран, кант та аппак. (сөйлеуді дамыту)	<p>"Кім қалай сойлейді?" дидактикалық ойны.</p> <p>Максат-міндеттер: сөздік корын кенейту, реакция жылдамдығын дамыту.</p> <p>Барысы: педагог кезекпен балаларға долты лактырады, жануарларды атайды. Долты қайтарған балалар жануардың кандай да бір дауыс беретініне жауап беруі</p>	<p>Сергіту сәтін айтқызу. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды согайық, Оң жакқа бұрылып, Сол жакқа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. (математика негіздері, дene шынықтыру,</p>	<p>Саусак жаттығу. Апам үшін күнде мен (әндете), Отынга ағаш жарамын (ағаш жарғандай). Су құямын ғулге де (ғулге су құйғандай), Дүкенге де барамын (колдарына сөмке ұстал жүру), Сыптырамын үй үшін (сыптыргандай), Жуам ыдыс-табақты (ыдыс жугандай). Жылай қалса бөпемді</p>	<p>"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойны. Максаты: балаларда өзін- өзі ұстау мәдениетін, сылайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, доска, бір-біріне көмектесуге деген үмтүліскә тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұраптар көяды. Балалар сұраптарға толық жауап береді. (сөйлеуді дамыту)</p>

		<p>керек:</p> <p>Сиыр - мөнірейді, Жолбарыс - ақырады, Жылан - ысылдайды, Маса - ызындайды, Ит - үреді, Қаскыр - ұлиды, Мысық - мияулайды, Шошқа - корсылдайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаган ортамен танысу)</p>	сөйлеуді дамыту)	(бөпені ұстагандай), Жұбатамын ойнатып (колдарын шапалақтайды). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға көнестес)	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудагы отбасының рөлі" әнгімелесу.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы акпарат беру.	"Үлкендерге құрмет" тақырыбында әнгімелесу.	Жаднама: "Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері".	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әнгімелер.